

## **Республикалық балаларды оңалту орталығының құрылысын аяқтау жөніндегі қосымша шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 27 желтоқсан N 1646

Түркия Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы ынтымақтастық шеңберінде, сондай-ақ Республикалық балаларды оңалту орталығының құрылысын аяқтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Түркия несие желісінің игерілмеген бөлігі есебімен Республикалық балаларды оңалту орталығының құрылысын аяқтау үшін 3 071 305 (үш миллион жетпіс бір мың үш жүз бес) АҚШ доллары мөлшерінде (жоба құнының 85 проценті) қосымша қаражат бөлу туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

берілген несие сомасы бойынша аванстық төлемді қамтамасыз етсін;

1997 жылдан бастап Түрік несие желісі шеңберінде жобаны қаржыландыру жөніндегі төлемдердің әрбір тиісті жылға арналған бюджетінде негізгі борыштар проценттерін, қызмет көрсететін банкілердің ілеспе және операциялық шығыстарын төлеуге арналған қаражат қарастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі және салынып жатқан Республикалық балаларды оңалту орталығы кәсіпорнының дирекциясы Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне қосымша сұралатын қызметке арналған техникалық-экономикалық

негіздемені, контрактіні, сондай-ақ басқа да қосымша құжаттарды берсін.

4. "Түркия Республикасының Үкіметі беретін кредит есебінен қаржыландырылатын жобалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 2 тамыздағы N 866 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 33, 365-құжат) қосымшасына мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Республикалық  
балаларды  
оңалту орталығы"

жолы бойынша

3-бағандағы "16, 86" саны "18, 93" санымен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК